Меншік құқығын реттеудің анағұрлым даулы мәселелері қатарына титулдық меншік иесі мен адал алушы мүдделерінің қайшы келуімен байланысты мәселелер жатады. Титулдық меншік иесі мүліктің меншік иесі болмаса да, заңға немесе шартқа сәйкес оған иелік ететін тұлға болып табылады [1, 32 б.]. Заңда тікелей көзделуі немесе шарттың болуы

иелену үшін құқықтық негіз қызметін атқарады, осыған орай мұндай иелену титулдық деп аталады. Өз кезегінде, құқықтық титулға негізделмейтін иелену заңсыз иелену болып саналады, алайда, меншік иесі заң бұзғандығы жөнінде білмеген жағдайда, ол адал алушы болып танылады.

Казахстан Республикасының Жоғарғы

Соты судьясы Н.И. Мамонтовтың көзқарасына сәйкес, «адал алушы» ретінде «белгілі бір затты сатып алу кезінде азаматтық айналымның басқа қатысушыларының субъективті құқықтарын бұзбай, міндетті, міндеттемені адал орындауды» түсіну қажет [2, с.226].

Л.В. Гутниченко Е.А. Сухановтың «азаматтық айналым қатысушыларының адалдығын нақты жағдаймен тікелей байланыста болуына орай алдын-ала анықтау мүмкін емес, сондықтан бұл мәселенің талқылануын құқық қолданушылық практикаға қалдырған жөн» деген пікіріне негізделе отырып, адалдық туралы тұжырымдарды әзірлеу сот практикасының қарауына өткенін мәлімдеген [3, 244 б.]. Бұл, өз кезегінен, нақты істер бойынша мән-жайларға құқықтық баға беру кезінде соттарға орасан зор мүмкіндіктер береді.

Жоғарыда келтірілгеннің негізінде келесідей қорытынды жасауға болады, адал алушы мен титулдық меншік иесі арасындағы дауды шешу проблемалары әдетте сотқа жүктеледі. Бұл орайда аталған жағдайларда объективті шешім қабылдау оған негізінен қиынға соғады. Мұндағы туындайтын проблемалар көбінесе мына жағдайлармен: құқықтық қатынастар субъектісінің адалдығы деңгейін айқындаумен; меншік құқығын қалпына келтірудің құқықтық құралдарын (виндикация немесе реституция) қолданумен; адал алушы құқықтарын қорғау мүмкіндігімен байланысты болуы мүмкін.

Адал алушы құқықтарын қорғау мәселесін зерттеу барысында адал алушының құқықтарын қандай да болмасын түрде қорғауды, шын мәнінде, меншік құқығын қорғау қағидатының ерекшелігі ретінде қабылдаған жөн. Сол себепті аталмыш мәселеде әрдайым адал алушы құқықтары мен титулдық меншік иесі мүдделерін қорғау арасындағы теңгерімді сақтау қажет.

Аталған проблемаларды шешу мақсатында қазіргі цивилистикада бірқатар әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Адал сатып алумен байланысты мәселелердің теориялық тұрғыда ара-жігін ашудан бөлек берілген проблемаларды практикалық реттеу де қызығушылық туғызуы мүмкін. Осылайша, адал алушы мен титулдық меншік иесі арасындағы дауды бітістіру рәсімі саналатын медиацияны қолдану арқылы реттеуге болады. Мұндай жағдайда адал алушы мен титулдық меншік иесі мүдделерінің арасындағы өзара ымыраға олардың құқықтары мен мүдделеріне қайшы келместен қол жеткізу әбден мүмкін.

Медиация - дау тараптарына үшінші тұлғаның келіссөздер жүргізу арқылы оны реттеуге жәрдемдесуін көздейтін бітістіру рәсімі. Бұл рәсім қарапайым келіссөздерге қарағанда анағұрлым тиімді, себебі медиатор даудағы тәуелсіз тұлға және көмектесуге арнайы оқы-

тылған білікті маман болып табылады. Соттар медиацияның сот талқылауына қарағанда салыстырмалы түрде жылдам әрі қымбат емес балама көзі болуына және жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге ие болуына байланысты оны белсенді түрде қолдауда [4].

Негізінен, медиация шиеленістерді шешудің құрылымдық процесі ретіндегі делдалдық институтының негізінде өткен ғасырдың 60-70-жылдарында АҚШ-та құрылған болатын [5, 82 б.].

Медиация термині латынның «mediare», яғни «делдалдық» деген сөзінен шыққан. Медиацияның өзі дауларды соттық емес тәртіпте үшінші бейтарап жак – медиатордың қатысуымен шешу нысанын білдіреді. Кеңес Одағының ыдырауы кезінде Қазақстан Республикасында медиация құқықтық институт ретінде әлі қалыптаспаған болатын. Ол тек 2000 жылдардың басында жетекші ғалым-құқықтанушылар арасында қазақстандық заңнамаға медиацияның әлемдік оң тәжірибесін енгізу жөнінде мәселе қозғалған кезде кеңінен жария бола бастады.

2011 жылы медиация институты «Медиация туралы» заңның қабылдануымен Қазақстан Республикасында заңнамалық негізде бекімін тапты. Алайда, жалпы алғанда, бұл медиацияның Қазақстан Республикасы заңнамасында алғаш көрініс табуы емес еді.

Осылайша, 2002 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы» жарлыққа қол қойды, мұнда қылмыстық саясатты жалпы ізгілендіру қажеттілігі атап өтілген. Сонымен бірге, жоғарыда келтірілген Жарлықта мұндай ізгілендіру «бітістіру институтын барынша кеңінен енгізу» арқылы көрініс табу қажеттілігі ерекше атап өтілді. Осылайша, аталмыш құжатта тұңғыш рет медиация рәсімінің ресми деңгейдегі қажеттілігіне баса назар аударылды.

Кейінгі 9 жыл ішінде қазақстандық ғалым-заңгерлермен ауқымды материалдар, шетелдік тәжірибе, сондай-ақ медиация рәсімін Қазақстан Республикасына енгізудің әртүрлі нұсқаларын зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдау бойынша орасан зор жұмыс атқарылды. Осы орайда өте маңызды сипатқа ие аспект медиацияның тек қылмыстық салаға ғана емес, сонымен қатар, басқа да құқық салаларына қатысты екенін түсіну болып табылады. Нәтижесінде аталған жұмыс «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеуге ұласты. 2012 жылғы шілдеде Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы жарыққа шықты, мұнда Елбасымен үкіметке 2012 жылдың соңына дейін медиация инсти-

тутын дамытуға бағытталған заңға тәуелді құқықтық негізді қамтамасыз етуге қатысты тапсырма берілді [6]. Сондай-ақ, Президент медиация құрылымдарын ұлттық және ірі жеке компанияларда құру қажеттілігін атап өтті. Бұл талап АҚШ, Австралия және бірқатар басқа да шет елдерде барлық даулардың үштен бірі дерлік соттың қатысуынсыз медиация рәсімдері шеңберінде шешілетіндігімен байланысты.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың медиация институтына бірнеше рет көңіл бөлуі бітістіруді жоғары әлеуметтік мақсат ретінде, ал медиацияны бүгінгі таңда оған қол жеткізудегі ең тиімді институттардың бірі деп білуіне негізделген.

Адал алушыдан мүлікті талап етіп алдырумен байланысты мәмілелерге медиацияны қолдану адал алушы құқықтарын қорғауға қатысты бірқатар проблемаларды шеше алады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 261-бабына сәйкес, мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан, не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы. Бұл мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан өтеусіз түрде алынған жағдайға қатысты емес.

Осылайша, адал алушы мүлікті оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан алған жағдайда, мүліктен ол титулдық меншік иесінің иеленуінен еркінен тыс шығып қалған ретте ғана айырылып қалуы мүмкін. Мұндай тәсіл әрі мүлкін, әрі төлеген қаржыларын жоғалтатын адал алушы құқықтарын қорғау үшін аз мүмкіндік қалдырады. Дегенмен, осы мүлікке қатысты ҚР АҚ-нің 261-бабын қолданудың орнына реституция қолданылып, мәміленің өзі жарамсыз деп танылса, адал алушы тиісті қорғау тетігінсіз қалуы әбден ықтимал.

Мәміле жасаған тұлға кейіннен қайтадан мүлікті иеліктен айыруды іске асырса, іс жүзінде бірқатар проблемалар туындауы мүмкін. Бұл ретте мүліктің кейіннен бір тұлғадан екіншісіне өтуі де мүмкін. Мүлікті алғаш иеліктен айырған тұлға оның меншік иесі болмаған жағдайда, осыдан кейінгі барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады.

Осы тектес дауларды сотқа дейінгі қарау сатысында медиацияны қолдану көрсетілген проблемаларды шешуге жәрдемдесе алады. Әсіресе бұл жылжымайтын мүлікті бөлумен, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілеріне меншік құқығын орнатумен байланысты даулар үшін ерекше өзекті. Осындай істердегі медиатордың басты міндеті тараптарды бітістіру келісіміне қол қою қажеттілігіне көндіру болып табылады. Жылжымайтын мүлікке қаты-

сты істерде бұл әрдайым қарсы тарап талаптарына өзара көнуді көздейді.

2017 жылы соттық емес тәртіпте медиация көмегіне жүгіне отырып 7057 дау шешілді, оның ішінде кәсіби медиаторлардың қатысуымен - 4596, кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен 2461 іс қаралды.

Сот талқылауы сатысында медиация арқылы 7192 дау шешілді. Оның басым бөлігін әлеуметтік-тұрмыстық, отбасылық, мүлтік, еңбек және жер даулары құрады [7, 4 б.].

Мүлікке меншік құқығын орнатумен байланысты дауларға медиация қолданудың қиындығы сол тараптар әуелден өздерін мүліктің заңды меншік иелері деп санайды және көп жағдайда қаржылай шығындарды көтеруге дайын емес. Дегенмен, істі сотта қарау барысында сот тек бір тараптың талаптарын қанағаттандырады, ал екінші тарап үшін әрі мүлікке меншік құқығын да, әрі жұмсалған қаржыны да жоғалту тәуекелі зор. Сол себепті медиатордың басты міндеті тараптарға дауды реттеу қажеттілігін жеткізу болып табылады, тіпті мұндай реттеу екі тараптың да белгілі бір шығын көтеретіндіктерін білдірсе де.

Медиацияның ерекшелігінің бірі - медиаторда дауға қатысты шешім шығару уәкілеттігі болмайды. Ц.А. Шамликашвили айтқандай: «тараптар даудың толыққанды «меншік иелері» болып қала береді, және соған сәйкес, шешім әзірлеу мен қабылдау процесі үшін жеке жауапкершілікте болады. Медиатор тараптарға олардың мүдделері мен қажеттіліктерін айқындауға бағытталған бірлескен жұмыстарында тек көмек көрсетеді, мұндай жұмыс негізінде тараптар өзара ынтымақтаса отырып, өзара тиімді, орындалатын шешімдер қабылдайды» [8, 23-24 бб.].

Сот практикасын талдау адал алушы құқықтарын қорғау мен мүлікке құқықты иеліктен шығарумен байланысты сот дауларында медиацияны қолданудың төмен көрсеткішін айқындап берді. Бұл көбінесе титулдық иесінің көп жағдайда өзін ұтымды жағдайдамын деп санауымен және адал алушы мүддесіне қарай көнуге келіспейтіндігімен байланысты болып жатады. Кейде мұндай жағдай оның азаматтық істен жеңілуіне және айтарлықтай шығындар көтеруіне әкеліп соғуы мүмкін. Алайда медиация қолданған жағдайда ол шығындардың алдын алуға болар еді.

Келесі мысал келтірілді.

Талап қоюшы Б. Сейдуалиев меншік иесі С.Б. Қадырбековтен 2001 жылы жер телімі бар жер үйді сатып алады. Бірақ меншік иесінің қаза болуына байланысты мәмілені рәсімдеп үлгермей қалады. Бұдан кейін талап қоюшы меншік иесінің ұлы (жауапкер) С.С. Қадырбековпен үйді сату туралы келісіп, 2002 ж. оған кепілақы береді. Жауапкер мәмілені өзінің мұрагерлікке енуінен кейін, яғни мұра қалдырушы қазасынан кейінгі алты ай өткеннен соң

рәсімдеуге сөз береді, алайда айтқан сөзінде тұрмайды. Бұл ретте, талап қоюшы отбасымен бірге сол үйде тұра бастайды. Яғни, іс жүзінде аталған үйге меншік иесі сияқты иелік еткенімен, ресми түрде меншік иесі болған емес.

2015 жылы жауапкер үйді үшінші тұлға Е. Мәмековке сатып жібереді, ол, өз кезегінен, талап қоюшы мен жанұясынан үйді тез арада босатуларын талап етеді. Азаматтық істі медиация тәртібінде шешуге Е. Мәмеков тарапы келіспейді. Іс материалдарын зерттей келе, сот Б. Сейдуалиевті жанұясымен бірге шығарып жіберу жөніндегі талапты қанағаттандырады.

Талап қоюшы Б. Сейдуалиев апелляциялық шағым жасайды. Іске қатысушы тұлғаларды тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттей отырып, апелляциялық сот алқасы сот шешімі өзгертілуге жатады деп шешеді.

Біріншіден, Е. Мәмеков жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде онда басқа жанұяның тұрып жатқандығын білді. Яғни, үйдің өзгенің иелігінде екендігі жайлы хабардар болды. Демек, соттың пайымдауынша, мұнда теріс пиғылды сатып алу орын алды.

Екіншіден, С.С. Қадырбеков бір үй-жайды екі рет сатпақшы болған, яғни, өзінің меншік иесі құқығын асыра пайдаланған. Сот бұл іс-әрекетке теріс пиғылды мінез-құлық деген баға берді. Осының негізінде сот тіркелген үйге жауапкердің құқықтары соттық тәртіпте қорғалуға жатпайды деп санады [9].

Келтірілген мысалда Е. Мәмековтың мінез-құлқындағы қателік айқын көрініп тұр, ол титулдық иеден үй сатып алып, өзін жылжымайтын мүлікке деген заңды құқықтарға ие деп санады. Үйді сатып алар кезде ол сол үйде іс жүзінде басқа адамдардың тұрып жатқандығын білді және С.С. Қадырбековтің үйге құқықтарын даулауға болатынын жақсы түсінді, бітістіру рәсімдерінен бас тарта отырып, ол оның негізгі мақсаты заңды құқықтарын қалпына келтіру емес, үйді иелену екендігін көрсетті. Егер де ең бастапқы кезеңде Е. Мәмеков тарапы бітістіру рәсімдеріне келісімін берген болса, ол үйді сақтап қалуы мүмкін еді.

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық практикада мүлікті талап етіп алдырумен байланысты дауларда медиацияны қолдану мысалдары жоқтың қасы. Бұл ретте, ұқсас жағдай ТМД өзге мемлекеттерінде де орын алған.

Мәселен, Беларусь Республикасында екі компания тауарды өндіру және кейіннен оны сату мақсатында бірлескен қызмет туралы келісіп, бірқатар шарттарға қол қояды. Өнімді өндіріп, бірнеше партиясын сатып үлгереді. Кейін компаниялардың директорлары сөз тартысып, іс жүзінде бірлескен қызметтерін біржола тоқтатады. Осылайша, әрқайсысы талап-арыз бере отырып, Минск қ. экономикалық сотында кездеседі. «Б» компаниясы

заңсыз иеленуден мүлікті талап етіп алдыру туралы, ал «А» компаниясы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арыз береді.

Кейін медиация барысында тараптар талап арыздарға еш қатысы жоқ өздерінің шынайы мүдделерін білдіреді. «Б» компаниясы ортақ қызметке салынған ақша қаражатын қайтаруды көздесе, «А» компаниясы жабдыққа меншік құқығын және жасалған мәмілелердің заңдылығын растайтын құжаттарды алғысы келді. Ұзақтығы 12 сағатқа созылған 3 медиативті сессия өткізіледі. Нәтижесінде тараптар 3 медиативті келісімге қол қояды: екеуі - сот даулары бойынша, үшіншісі – бірлескен қызмет барысында тараптар арасында пайда болған өзге де проблемалар бойынша [10].

Аталған мысал мүлікті басқа біреудің заңсыз иеленуінен талап етіп алдырумен байланысты істерде (виндикация) медиация қолданудың тиімділігінің айқын көрінісі болып табылады. Әдетте, әр тарап белгілі бір жеке өз мүдделерін көздейді және екінші тарапты орынсыз мазалауды мүлдем мақсат тұтпайды. Яғни, тараптың негізгі мүдделері қанағаттандырылған жағдайда, ол екінші тараптың да талаптарына көнуге даяр.

Осыны ескере отырып, алдында келтірілген мысалға қайта оралалық. Құқығын даулауға болатын титулдық меншік иесінен жылжымайтын мүлікті иемденген Е. Мәмеков мақсаты қаржылай баю еді. Ол үйде өзге адамдардың тұрып жатқандарын жақсы білді, олардың үйге деген құқықтары да даулануға жататын. Ол үйді төмен бағаға сатып ала отырып, оны сатқаннан кейін үстінен пайда табуды көздеді. Б. Сейдуалиев мақсаты үйді иелену мен онда отбасымен бірге тұру еді. Екі тарап та медиация рәсімін таңдағанда, олар бір-бірінің талаптарын өзара қанағаттандыруға қатысты белгілі бір ымыраға келер еді. Б. Сейдуалиев тарапы титулдық иелену құқығына, ал Е. Мәмеков тарапы қаржылай өтемақыға ие болатын еді. Алайда Е. Мәмеков Б. Сейдуалиевті үйден көшіртуді талап ете отырып, бітістіру рәсімдерінен толықтай бас тартты. Қорыта келе, ол жылжымайтын мүлікке құқық пен төленген ақша сомасынан айырылу түрінде шығынға ұшырады.

Медиациядан бас тартудың проблемасы да осында – тараптар өз талаптарының екінші тарап мүдделеріне нұқсан келтірмей қанағаттандырылуы мүмкін екендігі жайлы көп жағдайда бейхабар.

Айта кетерлік жайт, медиация ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлумен байланысты неке-отбасы дауларын шешуде кеңінен қолданылуда. Мұндай санаттағы істер әдетте бір тарапқа ақшалай өтемақыны төлеу арқылы шешіледі. Мәселен, Алға аудандық соты Б. азаматының жауапкер Б. азаматына бірге жинаған мүлікті бөлу жөніндегі талап-арызы бойынша азаматтық ісін қарады. Істі қарау

барысында талап қоюшы ҚР Азаматтық процестік кодексінің 48-бабына сәйкес талап қою мөлшерін азайтып, сотты 3-бөлмелі пәтер түріндегі бірге жинаған мүлкін пәтерді талап қоюшының меншігіне өткізе отырып, жауапкерге ақшалай өтемақы төлеу арқылы бөлуді сұрады. Сондай-ақ, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы уағдаластыққа келгендері туралы мәлімдеді. Осылайша, іс бойынша сот өндірісі тоқтатылды¹.

Алайда даулардың мұндай түрі титулдық меншік иесі мен адал алушы арасындағы дауларға қарағанда айтарлықтай ерекшеліктерге ие. Себебі ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлумен байланысты дауларда қос тарап та дау объектісіне құқылы болып келеді, ал адал алушы мен титулдық меншік иесі арасындағы дауларда тек бір тараптың ғана құқығы мойындалады. Бұл ретте титулдық меншік иесі ҚР АҚ 261-бабының мазмұнына сәйкес, егер мүлік оның еркінен тыс иелігінен шығып кетсе, сот міндетті түрде титулдық меншік иесі жағына шығып, оның иелену құқығын қалпына келтіреді деп пайымдайды. Іс жүзінде бұл әрдайым іске аса бермейді, себебі сот басқа да көптеген факторларды ескеруі мүмкін.

Мысал ретінде титулдық меншік иесінің өз пәтерін адал алушыдан талап етіп алдыруымен байланысты істі келтіруге болады. Соттың анықтауы бойынша даулы пәтер жекешелендіру шартына сәйкес талап қоюшы А. азаматшасына тиесілі. Аталмыш пәтер жауапкер В. азаматына 2006 жылғы 5 тамыздағы № 5458 сатып алу - сату шартына сәйкес сатылды, кейін бұл шарт 2010 жылғы 4 мамырдағы сот шешімімен жарамсыз деп танылды. Азаматтық іс материалдарына сәйкес В. мен С. азаматтары 2006 жылғы 11 қарашадағы № 10696 пәтерді сатып алу - сату шартын жасасты. Бұл ретте С. азаматы В. азаматынан пәтерді сатып алу кезінде пәтердің барлық құқық орнатушы құжаттарын тексеріп алған болатын.

Сот талап қоюшы А. азаматшасының 1994 жылы басқа елге тұрақты тұру үшін кеткендігін және өз мүлкін қалдырып кеткенін анықтады. Соттың пайымдауынша, оның бұл әрекеті пәтерді қалдырғандығын дәлелдейді және оған деген меншік құқығын сақтау мүддесі мен ниетінің жоқтығын білдіреді. Сот пәтердің талап қоюшы еркінен тыс иелігінен шығарылды дейтіндей еш негіз жоқ деп тапты. ҚР АҚ 261-бабының 1-тармағына сәйкес мүлікті адал алушыдан оны меншік иесі жоғалтқан жағдайда ғана талап етіп алдыруға болады, бұл ретте алушы заттың иеліктен шығарушысын біледі және оған шығындар

дың орнын толтыру туралы талап қоя алады. Іс материалдары негізіндегі сот шешіміне сәйкес пәтерден отбасы мүшелерімен қоса шығару және сатып алу – сату шартын жарамсыз деп тану жөніндегі А. азаматшасының С. азаматына деген талап қою талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды [9].

Осылайша, сот отырысы барысында тіпті өз талаптарының заңдылығына нық сенімді тарапқа да талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылуы мүмкін. Медиатордың басты міндеті осы ақпаратты дау тараптарына жеткізу және оларды бітістіру келісіміне қол қою қажеттілігіне көндіру болып табылады.

Қорытынды ретінде мыналарды атап өтуге болады:

1. Бүгінгі таңда медиация меншік құқығының даулы мәселелерін анағұрлым тиімді шешу тәсілі болып табылады, бұл ретте дау тараптарының әрқайсысының талаптары қанағаттандырылады.

2. Адал алушы мен титулдық меншік иесі арасындағы дауды шешу проблемалары сотқа жүктеледі. Бұл ретте сот шешімдерінің өзі де даудың мәніне айналады.

3. Аталған жағдайдан ықтимал шығар жол әрі титулдық меншік иесі, әрі затты адал алушы талаптары ескерілетін медиация рәсімін қолдану болып табылады. Бұл ретте медиатордың басты мақсаты - тараптарды аталмыш дауды бітістіру рәсімдерін қолдана отырып шешуге көндіру.

4. Мүлікті талап етіп алдыру жөніндегі дауларда әр тараптың өз мүдделері бар және олар қанағаттандырылған жағдайда, бұл ретте ол екінші тарапқа зиян келтірілуіне мүдделілік танытпайды. Яғни, тараптардың негізгі мүдделері қанағаттандырылған жағдайда, олар өзара ымыраға келуге дайын.

5. Әдетте, мүліктік дауларды шешу кезінде медиациядан бас тарту бір тараптың екінші тарапқа қарағанда өзін әлдеқайда ұтымды жағдайда сезінуімен байланысты. Алайда нәтижесінде ол анағұрлым зор шығындармен істен ұтылуы әбден мүмкін.

Аталған проблеманы тараптарға медиация рәсімі мен одан бас тарту салдары жайлы түсіндірме жұмысын жүргізу шеңберінде шешуге болады. Көп жағдайда тараптар ықтимал салдар туралы жеткілікті деңгейде ескертілмей, бейхабар болған. Халықтың бітістіру рәсімдері туралы хабардар болу проблемасы ақырындап шешіліп келе жатқанын ескеретін болсақ, адал алушы құқықтарын қорғау туралы медиация тәртібінде шешілген істер саны өсуіне кәміл сенім артуға болады.

¹ Имущественный спор разрешён в порядке медиации // Сайт Актыбинского областного суда <<http://akt.sud.kz/rus/news/imushchestvennyy-spor-razreshyon-v-poryadke-mediatsii>> (Дата обращения: 20.12.2017).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эрдлевский А.М. О защите прав титульного владельца // Закон. - 2004. №2. - С. 32-33;
2. Мамонтов Н.И. Добросовестный приобретатель недвижимого имущества по сделке (некоторые материально-правовые и процессуальные аспекты) / Материалы международной научно-практической конференции в рамках ежегодных цивилистических чтений. Алматы, 23-24 мая 2014 / Алматы, изд. Каспийского общественного университета, 2014., - 592 с. – с. 226-242;
3. Гутниченко Л.В. Эволюция института добросовестного приобретения по гражданскому кодексу кыргызской республики / Материалы международной научно-практической конференции в рамках ежегодных цивилистических чтений. Алматы, 23-24 мая 2014 / Алматы, изд. Каспийского общественного университета, 2014., - 592 с. – с. 243-247;
4. Гражданское процессуальное право зарубежных стран: Учебное пособие / под ред. д.ю.н. М.А. Аленова. – Астана, 2012. – 184 с.;
5. Конусова В.Т. Медиация как эффективная процедура урегулирования гражданско-правовых споров // Зангер. - 2011. - №11 (124) - С. 82-84;
6. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к обществу всеобщего труда // Интернет-ресурс: <http://www.zakon.kz/4501497-socialnaja-modernizacija-kazakhstan.html>;
7. Информационно-справочные материалы к заседанию круглого стола на тему: «Роль процедуры медиации в снижении конфликтности и повышении правовой культуры в обществе» // Сенат Парламента Республики Казахстан. 2017 г. – 31 с.;
8. Шамликашвили Ц.А. Медиация как альтернативная процедура урегулирования споров: что необходимо знать судье, чтобы компетентно предложить сторонам обращение к процедуре медиации. – М.: Межрегиональный центр управленческого и политического консультирования, 2010;
9. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 52: Улгі: Купля-продажа. Трудовые споры / под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко – Алматы: 2017. – Вып. 52. – 204 с. – с.23;
10. Медиацию нужно освободить от процессуальных оков / Интервью с Л. Власовой / Юрист. 01.02.2015. [Электронный ресурс] <https://jurist.by/statia/mediaciyu-nuzhno-osvobodit-ot-processualnyh-okov> (Дата обращения: 20.04.2018);
11. Ильясова К.М., Казиева Г.Т. Извлечения и комментарии к отдельным судебным актам // ИПС «Параграф» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31119942.

REFERENCES

1. Jerdlevskij A.M. O zashhite prav titul'nogo vladel'ca // Zakon. 2004. №2. S.32-33;
2. Mamontov N.I. Dobrosovestnyj priobretatel' nedvizhimogo imushhestva po sdelke (nekotorye material'no-pravovye i processual'nye aspekty) / Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii v ramkah ezhegodnyh civilisticheskikh chtenij. Almaty, 23-24 maja 2014 / Almaty, izd. Kaspijskogo obshhestvennogo universiteta, 2014., - 592 s. – s.226-242;
3. Gutnichenko L.V. Jevoljucija instituta dobrosovestnogo priobretenija po grazhdanskomu kodeksu kyrgyzskoj respubliki / Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii v ramkah ezhegodnyh civilisticheskikh chtenij. Almaty, 23-24 maja 2014 / Almaty, izd. Kaspijskogo obshhestvennogo universiteta, 2014., - 592 s. – s.243-247;
4. Grazhdanskoe processual'noe pravo zarubezhnyh stran: Uchebnoe posobie / pod red. d.ju.n. M.A. Alenova. – Astana, 2012. – 184 s.;
5. Konusova V.T. Mediacija kak jeffektivnaja procedura uregulirovanija grazhdansko-pravovyh sporov // Zanger. 2011. №11 (124), - s.82-84;
6. Nazarbaev N.A. Social'naja modernizacija Kazahstana: Dvadcat' shagov k obshhestvu vseobshhego truda // Internet-resurs: <http://www.zakon.kz/4501497-socialnaja-modernizacija-kazakhstan.html>;
7. Informacionno-spravochnye materialy k zasedaniju kruglogo stola na temu: «Rol' procedury mediacii v snizhenii konfliktnosti i povyshenii pravovoj kul'tury v obshhestve» // Senat Parlamenta Respubliki Kazahstan. 2017 g. – 31 s.;
8. Shamlikashvili C.A. Mediacija kak al'ternativnaja procedura uregulirovanija sporov: chto neobходимо znat' sud'e, chtoby kompetentno predlozhit' storonam obrashhenie k procedure mediacii. – M.: Mezhregional'nyj centr upravlencheskogo i politicheskogo konsul'tirovanija, 2010;
9. Grazhdanskoe zakonodatel'stvo. Stat'i. Kommentarii. Praktika. Vyp. 52: Ylgi: Kuplja-prodazha. Trudovye spory / pod red. K.A. Mami, A.G. Didenko – Almaty: 2017. – Vyp. 52. – 204 s. – s.23;
10. Mediaciju nuzhno osvobodit' ot processual'nyh okov / Interv'ju s L. Vlasovoj / Jurist. 01.02.2015. [Jelektronnyj resurs] <https://jurist.by/statia/mediaciyu-nuzhno-osvobodit-ot-processualnyh-okov> (Data obrashhenija: 20.04.2018);
11. Il'jasova K.M., Kazieva G.T. Izvlechenija i kommentarii k otдел'nym sudebnym aktam // IPS «Paragraf» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31119942.